

« Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылындағы 1,5,10 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша
жүргізілген бақылау жұмысының сараптамасы жайлы

АНЫҚТАМАСЫ

Ағымдығы жылдың 02.10.2023 -20.10.2023ж мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 29.09.2023 № 125 бұйрығы негізінде 1,5,10 сынып оқушыларының бейімделуіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Аталмыш шараның мақсаты: негізгі жалпы білім беру деңгейінде 1,5,10 сынып оқушыларының оқуға деген ынтасының қалыптасу деңгейін анықтау және бейімдеу

Бақылау барысында келесідегідей жұмыстар атқарылды:

1. Бақылауға алынған сыныптардың әліппе, математика, қазақ тілі, тарих орыс тілі, ағылшын пәндер бойынша сабақтарға қатыстылып, талдау жасалды.
2. Сынып ұжымына диагностика жасалды, сыныптың әлеуметтік төлқұжатын талдау.

Мектеп психологы тарапынан төмендегідей жұмыстар жүзеге асырылды:

1. оқушылардың мотивация деңгейін зерттеу;
2. оқушылардың ойлау процестерінің даму деңгейін зерттеу;
3. оқушылардың еске сақтау деңгейін зерттеу.

1 сыныптың бейімділігін тексеру бойынша сарапшылар тобы қорытындылары:

1-ші сыныптармен мектеп психологі Г.Ж. Ахметова « Мектеп дайындық» тест суретті тесттер алынды. Барлығы 29 оқушы баланың мектепке психологиялық дайындығы тестіне қатысты. Тапсырмалары: сөйлемді көшіріп жазу, нүктелерді салу, ер баланың суретін салу. Осы үш тапсырманы толық жоғары деңгейде 19 оқушы орындап шықты. 10 оқушы орташа орындады. Қыркүйек айында 1 сынып ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысында келісім парағы туралы ақпарт беріліп, баланың мектепке бейімделуі бойынша ұсыныс, кеңестер берілді. 1 «Ә» сыныбынан 2 оқушы ПМПК комиссиясынан өтті. Олар: **Бекболат Жансұлтан** (Задержка психического развития. Нарушения речи., общее недоразвитие речи 2 уровня) және **Қапабай Дархан.** (Нарушение речи, общее недоразвитие речи 2 уровня). Осы оқушылар логопед сабағына және психологқа келеді. Оқушылардың зейіндері тез ауысып отырады, бірақ бұл 1-ші сынып оқушыларына тән жағдай. Баланың жас ерекшелігінде ескере кеткен жөн. Оқушылар қазіргі кезде біршама бейімделіп келеді. 1 сынып оқушыларымен үзіліс уақытында да бақылау жұмыстары жүргізілді. Қатысқан сабақтарда оқушылардың негізгі мектепке бейімделуін зерттеу, сабақ кезінде оқушылардың жеке бас ерекшелігі мен жас ерекшелігінің ескерілуі, сабақ мазмұнын ашуда мұғалімдердің әдіс-тәсілдерді дұрыс тандап ала білуі, сабақта физиологиялық, гигиеналық талаптардың орындалуын байқау мақсаттары қойылды

1«ә» сыныбында 14 оқушы бар. Әлеуметтік жағдайы: көп балалы отбасынан-8 оқушы, аз қамтылған- 1 оқушы, толық емес отбасынан- 2 оқушы. ЕБҚ қажет ететін оқушылар - **Бекболат Жансұлтан мен Қапабай Дархан.** Жалпы сынып оқушыларының мұғалімнің

талаптарын орындау қабілеттері жақсы. Сабақ үстінде психологиялық кеңістік сақталады. Қатысқан «**Ұ ұ дыбысы және әрпі**» атты сабақта мұғалім З.А.Жумбаева бастауыш мектептің білім беру процесіндегі ұйымдастырудың негізгі тәсілдері мен түрлерін сақтап, дамыта білді. Оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне көңіл бөлініп, жұмыстар арасында арнайы демалыс жаттығуы жасалды. Сынып бөлмесінде санитарлық норма сақталды. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес көрнекілік әдістері қолданылды. Мұғалім З.А.Жумбаева оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар жүргізіп, сабақта олардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс түрлерін ұйымдастырды. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға назар аударып, олардың өзіндік тапсырмаларды орындауда таңдау жасай білуге баулыды. Жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын элементтері қолданылып, сабаққа оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын туғыза білді. Сабақ барысында мұғалім білім алушыларға сыныпта / топта оқу кеңістігін қамтамасыз етеді, сабақта жұмыстың әр түрлі формаларын қолданады, атап айтқанда жұптық жұмыстар. АКТ ресурстарды пайдаланады, саралау тапсырмаларын береді.

1 «Ә» сынып. Сынып жетекшісі: Исатаева А.А. Оқушы саны- 15. Әлеуметтік жағдайы: көпбалалы отбасынан- 3 оқушы, толық емес отбасынан-2 оқушы. Сабақта оқушылардың белсенділігі өте жақсы. Оқушылар мектеп ережесіне бейімделген. Әліппе сабағының «**Ұ дыбысын қайталау**» сабағы зерделенді. Сабақта психологиялық дайындықтан басталды. Дыбыстық талдау жасалып, дұрыс – қатесін анықтады. Саралау тапсырмалары: 4-оқушы ұяшықтарды суреттермен сәйкестендірді. 5- оқушы, Торғай, ұршық, шана сағат сөйлем құрады. 6- оқушы. Көрсетілген әріптерді атап, оларға сөздер атау.

5 сыныптың бейімділігін тексеру бойынша сарапшылар тобы қорытындылары:

5 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Оқушылар берілген сұрақтарға өз жауаптарын жазды. Сауалнамаға 30 оқушы қатысты. 1 оқушы сауалнаманы көшіріп берді. (**Төлеубаев Ахметжан 5 «ә» сынып**) Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылар пәндерге қызығушылық танытады. Олар: **ағылшын, математика, тарих, көркем еңбек** және оқушылардың мектеп пен ата-ана байланысы аздығы байқалды. 5 сынып ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі жайлы ақпараттар берілді және ұсыныстар, кеңестер айтылды. Барлық оқушыларды ұйымшылдыққа, бірлікке, достық қарым-қатынаста болуға шақырылды. **5 «ә» сыныбынан** 1 оқушы - Төлеубаев Ахметжан ПМПК комиссиясынан өтті. Диагнозы: Легкие нарушения интеллекта. Бұл оқушы ерекше білім беруді қажет ететін оқушы қатарында, қажетті психологиялық қолдау көмек жұмыстары үнемі көрсетіліп тұрады.

5 «А» сынып. Сынып жетекшісі: Жакенова Г.Р. Сыныпта 16 оқушы. Әлеуметтік жағдайы: көпбалалы отбасынан- 7 оқушы, аз қамтылған-1 оқушы, қамқорлықтағы бала-2 оқушы. **Орыс тілі** пәнінен «Папа, мама я дружная семья» тақырыбындағы сабақта мұғалім С.А.Диханбаева сабақ мазмұнын меңгертуде түрлі көрнекіліктер мен тірек жазбаларын кеңінен қолданып, оқушылардың жас ерекшелігін ескерді. Сабақта тақырыптың нәтижелі меңгерілуіне оқылған орай өлеңді әнімен айтқыза отырып, олардың психологиясына әсер етіп, жағымды эмоция туғызды. Орыс тілінде сөздердің мазмұнын ашуға арналған түрлі салыстыру тәсілдері қолданылды. Оқушылардың өздерін қатыстыра отырып, жаңа материалдың өзіндік меңгерілуіне жетеледі. Теорияны практикамен байланыстыруға назар аударды. Сабақта сергіту сәті жүргізіліп, гигиеналық талаптар орындалды. Алдағы

уақытта мұғалім сабақ уақытын үнемді пайдалану керек.

Қатысылған **қазақ тілі пәнінің** «Отбасы. Балаға ат қою» атты сабақта мұғалім И.К.Сайлаубекова сабақ процесіндегі ұйымдастырудың негізгі тәсілдері мен түрлерін сақтап, дамыта білді. Оқушылармен жеке, жұптық, топтық жұмыстарды неғұрлым көбірек ұйымдастыру ұсынылды.

5 «Ә» сынып. Сынып жетекшісі: Уткельбаева А.М.Сыныпта 15 оқушы. Әлеуметтік жағдайы: көпбалалы отбасынан- 6 оқушы, толық емес отбасынан-3 оқушы,жартылай жетім- 3 оқушы **Қазақстан тарихы** сабағынан М.А. Ақылбековтың « Андронов мәдениеті» тақырыбындағы сабағы зерделенді. Ұйымдастыру кезеңі болған жоқ.Оқушыларға ұсынылған презентация материалдары арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудары білді,дегенмен тапсырмалары көп болғандықтан, оқушылардың орындау деңгейі төмен болды.ЕБҚ оқушы Төлеубай Ахметжанға жеке тапсырма берілмеді. Сабақты жоспарлау мақсатында ЕБҚ қажет ететін оқушыларға жеке тапсырмаларды дайындауға, ұйымдастыру кезеңіне көңіл бөлу керектігі және оқушыларға берілетін ақпарат саралану керектігі ұсынылды. **Ағылшын тілі сабағы «Animals»** тақырыбындағы Г.Р.Жакенованың сабағы зерделенді.Сабақ барысында мұғалім оқушылардың сабаққа назарын аудары білді. Мұғалімнің сабақ процесінде жеке, жұптық жұмыстарды әр сабақта қолдану туралы, цифрлық ресурстарды неғұрлым көбірек пайдалану, қалыптастырушы бағалауларды қолдану керектігі жайлы ұсыныс айтылды. Жақсы және өте жақсы оқитын, оқуға жауапкершілікпен қарайтын оқушылар жоғары аландаушылықты сезініп, тақырып күрделене түскендіктен қобалжу көп екендігі байқалды. Оқушы бойында мазасыздық өзін-өзі бағалау, онда жоғары талаптар мен өзіне өте күшті сенімсіздік арасында қарама-қайшылықтардың болуымен туындайды. Мұндай жағдай оқушыларды үнемі табысқа жетуіне мәжбүрлей отырып, оларға үнемі кедергі жасайды. Себебі мұғалім әр оқушыға назар аударуды қадағаламағандықтан.

10 «а» сыныбында 7- оқушы бар. 2 оқушы «Үздік аттестат иегері»үміткерлері.Олар : Ибраева Дина және Мұхтар Азамат.Сынып оқушыларының сабаққа қатысу деңгейлері орта деңгейде. Оныншы сынып жоғары мамандандырылған мектепте оқытудың соңғы кезеңін ашады. Осы кезеңде мектеп оқушылары оқуда, құрдастарымен және ата-аналарымен қарым-қатынаста белгілі бір қиындықтарға тап болуы мүмкін.Осы кезеңде мектеп оқушылары оқуда, құрдастарымен және ата-аналарымен қарым-қатынаста белгілі бір қиындықтарға тап болуы мүмкін. Орта мектептің алғашқы айлары оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу кезеңіне айналады. Ата-аналар баламен бірге мұғалімдердің оқу үдерісіндегі ескертулерін талдауға дайын болуы керек, бұл оқудағы қиындықтарды мүмкіндігінше ертерек байқап, жеңуге көмектеседі. Ол үшін, ең алдымен, баланың қандай қиындықтарға тап болғанын, қай пәндерді үйрену қиын екенін нақты анықтау керек. Бала оған қойылатын талаптардың артқанын түсінуі керек және мұғалімдер оны жаңа критерийлер бойынша бағалайды. Төмен оқу үлгерімі өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне ғана емес, баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге әкелуі мүмкін: депрессия, оқшаулану немесе керісінше, ашуланшақтық, агрессивтілік. Мұнда уақыт бөлу дағдыларын үйрету және өз іс-әрекетіңізді жоспарлау ерекше рөл ойнауы мүмкін. Оныншы сынып оқушыларынан сауалнама алынды.Сауалнамаға 7 оқушы қатысты. Барлығы сауалнаманың қорытындысы бойынша 50-80 ұпай жинап, « Адамдарға қуаныш, қуат сыйлайсыз. Ауыр күндерде де әзіл сізбен бірге. Бипаз әрі орнымен әзілдейсіз. Елікпе жан болғандықтан, сізбен сұхбаттасу қызық және сізге сенім артуға болады.» деген жауапқа ие болды.Даму психологиясы тұрғысынан орта мектеп оқушылары дамудың ерекше кезеңіне - ерте

жасөспірім кезеңіне өтеді. Жасөспірім - бұл адамның өміріндегі жасөспірім мен ересек кезең арасындағы өтпелі кезең. Бұл жастың негізгі психологиялық сатып алуы - сіздің ішкі әлеміңізді ашу. Өзін-өзі тану сапалы жаңа деңгейге көтеріледі. Бұл адамның өзіндік құндылықтарының маңыздылығының жоғарылауынан, жеке тұлғаның жеке қасиеттеріне жеке өзін-өзі бағалауды өз-өзіне деген жалпы, тұтастық қатынасын дамытудан көрінеді. Жастардың өзін-өзі тануының маңызды ерекшелігі - уақыт перспективасын, болашаққа бағдар қалыптастыру. Оныншы сынып оқушыларының көпшілігі оқу жүктемесінің күрт өсуімен бетпе-бет келеді, баланың сауатты болуына, уақытын бөлуге және күнді жоспарлауға көмектесу, демалуға уақыт, мүмкін болса, ұйықтауға уақыт болуы керек

1 сынып оқушылары үшін ұсыныс:


- **ЕБҚ оқушылары:** Қапабай Дархан мен Бекболат Жансұлтанға жекелей тапсырмалар беріліп, өзіндік жұмыстарға тарту.
- Зейін үрдісін дамытатын ойын жаттығуларды сабақ үстінде пайдалану

5 сынып оқушылары үшін ұсыныс:

- **ЕБҚ оқушысы:** Төлеубай Ахметжанға Жансұлтанға жекелей тапсырмалар беріліп, өзіндік жұмыстарға тарту.
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту, әр пән мұғалімі оқушыға деген эмоционалды қарым-қатынасын түзету, жаңа ортаға бейімделуіне жағдай жасау.

10 сынып оқушылары үшін ұсыныс:

- Сыныпта оқушылармен жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға ықпал ету.
- Сабақ барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша тапсырмалар беру арқылы дамыту жұмыстарын жүргізу.

ДФӘІЖ орынбасары:  Тоташева А.Ж.

Анықтама

Тақырыбы: ҰБТ-психологиялық дайындығын анықтау сауалнамасы.

Күні: 19.01.24ж.

Қатысқаны: 10 оқушы ,3 оқушы (себепті)

Мақсаты: оқушылардың ұбт-ға психологиялық дайындығын анықтау.

Сауалнама сұрақтары: 1.ҰБТ бұл 2. Сіз Ұбт-ға қалай дайындаласыз?
3. Дайындығыңызды 5 баллдық жүйемен бағалаңыз 4. Қай пән бойынша өз біліміне сенімдісіз? 5. Пәндердің күрделілігіне қарай ретімен орналастырыңыз
6. Сіздің мектепте ұбт-ға дайындықты бағалаңыз. 7.Ұбт туралы ойлағанда қандай сезімде боласыз? 8 .Ұбт –ға дайындық кезінде қандай қиындықтар кездеседі.9.Қандай пән мұғалімі ҰБТ-ға дайындық кезінде көп көмек береді.10.Ұбт –ға дайындығыңызды қалай бағалайсыз 11.ҰБТ-ға күніне қанша уақыт дайындаласыз 12.Ата-анаңыз сізге ұбт-ға қалай көмек береді.

Сауалнама қорытындысы:

Амангельдиева Жаннұр. Білім тексеру.Қосымша сабақтарда пән мұғалімдерімен бірге дайындалады. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау – 3 б,қазақ тілі 4 б,тарих 3 б.Қазақ тілі пәнінен дайындығы орташадан жоғары.Өз біліміне сенімді мат сау орташа дайынмын, оқу сауаттылығы сенімдімін, тарих сенімсіз. Химия, тарих, мат сауат,оқу сауат, биология күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа деңгейде. Ұбт туралы ойлағанда қатты дайын емеспін деп жауап берді.Есте сақтау қиындығы кездеседі.Таңдау пәні көп көмек береді.Ұбт –ға дайындығы орташа деңгейде.Күніне 1,2 сағат дайындалады. Ата-анасы қолдау көрсетеді, мотивация береді.

*Жумабаева Дильназ.*Білімді тексеру.Өз бетімше дайындаламын. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда Мат сау 5 б, оқу сау 5 б, тарих 3 б, химия биология 2 б. мат сау сенімін жоғары балла алып жүрмін, қазақ тілі сенімдімін жоғары балл алып жүрмін,тарих 50/50.Биология ,химия, тарих оқу сауат, мат сау күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа деңгейде. Ұбт туралы ойлаған кезде сенімді күйде болады.Ешқандай кедергі жоқ. Орташа деңгейде дайынмын. Күніне 1,2 сағат дайындалады. Үйде сөйлесеміз.

*Нұрхатова Аяулым.*Білім тексеру.Қосымша сабақтарда пән мұғалімдерімен бірге дайындалады. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау – 3 б,қазақ тілі 4 б,тарих 3 б, химия биология 3 б. мат сау орташа дайынмын, қазақ тілі сенімді. Химия, биология тарих, мат сауат,оқу сауат, күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа

деңгейде. Ұбт туралы ойлағанда қорқамын. Уақыт жетіспеушілік және есте сақтау қиындары кездеседі. Орташа деңгейде дайынмын. 2,5 сағат дайындаламын. Ата анада уақыт жоқ.

Сайлаубек Шұғыла. Білімді тексеру. Дайындалмаймын. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау 2 б, қазақ тілі 3 б. Өз біліміне сенімді емес. Мектептегі дайындығы Төмен деңгейде бағалады. Ұбт туралы ойласам сенімсіз күйде боламын. Төмен деңгейде дайындығы. Ұбт –ға күніне 1 сағат дайындалады. Ата-анада уақыт жоқ.

Қаратаева Адина. Білім тексеру. Қосымша сабақтарда пән мұғалімдерімен бірге дайындалады. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау – 3 б, қазақ тілі 4 б, тарих 3 б. Қазақ тілі пәнінен дайындығы орташадан жоғары. Өз біліміне сенімді мат сау орташа, оқу сауаттылығы сенімдімін, алгебра мат сауат, физика, тарих, оқу сауат, күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық жоғары деңгейде. Ұбт туралы ойлағанда қорқамын деп жауап берді. Есте сақтау қиындығы кездеседі. Ұбт –ға дайындығы орташадан жоғары деңгейде. Күніне 2,3 сағат дайындалады. Үйде сөйлесеміз..

Сериков Әлтауыр. ЖОО орнына түсу мүмкіндігі. Қосымша сабақтарда пән мұғалімдерімен бірге дайындалады. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау 5 б, оқу сауат 5 б, тарихы 5 б. Физика, тарих, мат сауат, оқу сауат. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа деңгейде. Ұбт туралы ойлаған кезде сенімді күйде болады. Есте сақтау қиындығы кездеседі. Барлық пәндер көмек береді. Орташа дайындығы. 1,2 сағат дайындалады. Үйде сөйлесеміз.

Ильясова Томирис. Білім тексеру. Қосымша сабақтарда пән мұғалімдерімен бірге дайындалады. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау – 3 б, қазақ тілі 4 б, тарих 3 б. Қазақ тілі пәнінен дайындығы орташадан жоғары. Өз біліміне сенімді мат сау орташа, оқу сауаттылығы сенімдімін, алгебра мат сауат, физика, тарих, оқу сауат, күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық жоғары деңгейде. Ұбт туралы ойлағанда қорқамын деп жауап берді. Есте сақтау қиындығы кездеседі. Ұбт –ға дайындығы орташадан жоғары деңгейде. Күніне 2,3 сағат дайындалады. Үйде сөйлесеміз.

Уралбекова Наргиз. Білімді тексеру. Өз бетімше дайындаламын. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда Мат сау 5 б, оқу сау 5 б, тарих 3 б, химия биология 2 б. мат сау сенімін жоғары балла алып жүрмін, қазақ тілі сенімдімін жоғары балл алып жүрмін, тарих 50/50. Биология, химия, тарих оқу сауат, мат сау күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа деңгейде. Ұбт туралы ойлаған кезде сенімді күйде

болады.Ешқандай кедергі жоқ. Орташа деңгейде дайынмын. Күніне 1,2 сағат дайындалады.Үйде сөйлесеміз.

*Сериков Ерсұлтан.*ЖОО орнына түсу мүмкіндігі.Қосымша сабақтарда пән мұғалімдерімен бірге дайындалады. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда мат сау 5 б, оқу сауат 5 б, тарихы 5 б. Физика, тарих, мат сауат ,оқу сауат. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа деңгейде.Ұбт туралы ойлаған кезде сенімді күйде болады .Есте сақтау қиындығы кездеседі. Барлық пәндер көмек береді. Орташа дайындығы. 1,2 сағат дайындалады.Үйде сөйлесеміз.

*Абдуова Жәния.*Білімді тексеру.Өз бетімше дайындаламын. Дайындығын 5 баллдық жүйемен бағалағанда Мат сау 5 б, оқу сау 5 б, тарих 3 б, химия биология 2 б. мат сау сенімін жоғары балла алып жүрмін, қазақ тілі сенімдімін жоғары балл алып жүрмін,тарих 50/50.Биология ,химия, тарих оқу сауат, мат сау күрделі сабақтарды ретімен орналастырды. Мектептегі ұбт –ға дайындық орташа деңгейде. Ұбт туралы ойлаған кезде сенімді күйде болады.Ешқандай кедергі жоқ. Орташа деңгейде дайынмын. Күніне 1,2 сағат дайындалады.Үйде сөйлесеміз.

Нәтижесі: ұбт-ға дайындық нәтижелері: орташадан жоғары 2 оқушы , Қаратаева Адина, Ильясова Томирис.7 оқушы орташа деңгейде, Амангельдиева Жаннұр, Жумабаева Дильназ, Нұрхатова Аяулым, Сериков Әлтаиыр, Уралбекова Наргиз, Сериков Ерсұлтан ,Абдуова Жәния.Төмен дейгейде 1 оқушы Сайлаубек Шұғыла.Ұбт туралы ойлағанда сенімді күйде -7 оқушы, сенімсіз -1 оқушы ,Қорқамын -2 оқушы ,Қатты дайын емеспін 1 оқушы.Оқушыларда есте сақтау және уақыт жетспеушілік қиындығы кездеседі.

Ұсыныстар: Сайлаубек Шұғыла төмен деңгейдегі оқушымен жеке сөйлесу. Барлық оқушылармен жоспарға сәйкес психологиялық тренинг сабақтар ұйымдастыру.

Мектеп психологы:  Г.Ж.Ахметова

Сынып жетекшісі :  Е.Ермұрат

« Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылындағы дене шынықтыру пәнінің оқытылу жағдайы бойынша

жүргізілген бақылау жұмысының сараптамасы жайлы

АНЫҚТАМАСЫ

Ағымдығы жылдың 01.02-29.02.2024 ж мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 07.02.2024 № 40 бұйрығы негізінде дене шынықтыру пәнінің оқытылу жағдайы бойынша бақылау жұмыстары жүргізілді.

Аталмыш шараның мақсаты: дене шынықтыру сабақтарын өткізу кезінде санитариялық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік техникасын сақтау.

Бақылау барысында келесідегідей жұмыстар атқарылды:

- Сабақтарға қатысу;
- Үлгерімді бақылау;
- Санитариялық-гигиеналық нормалармен қауіпсіздік техникасының ережелерінің орындалуын қадағалау;

Сараптама тобының мүшелерінің жүргізген бақылау жұмыстарының қорытындылары:

Санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтамау, дене шынықтыру сабақтарында тәртіп бұзу қатерлі жаракаттарға әкеп соғуы мүмкін.

Мұғалімнің міндеті – оқушыларда айналасындағылар мен өзінің денсаулығына саналы қарауды және жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Бақылау барысында дене шынықтыру пән мұғалімдерінің ҚМЖ-лары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы негізінде құрылғандығы анықталды.

13.02.2024ж 9 «Б» сыныбының дене шынықтыру (пән мұғалімі-К.С.Шамбеков) сабағына 11 оқушы қатысты. **Сабақтың тақырыбы:** Ойын кезіндегі көпбасшылық және командалық іс-шаралар. Мұғалім сабақ мақсатына тоқталып, қауіпсіздік техникасын түсіндірді. Оқушылардың дене шынықтыру сабағында спорттық киім мен екінші аяқ киімдерінің болуы шарт. Дегенмен кейбір оқушыларда спорттық киім болмауына байланысты Аленова Аружан сабаққа қатыспаса, Мұсатаева Альбина денсаулығына байланысты сабаққа қатыспады. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық ойындар болды.

13.02.2024ж 5 «А» сыныбының дене шынықтыру (пән мұғалімі-А.Н.Мусин) сабағына 14 оқушы қатысты. 1 оқушы ауырып қалды. Сабақтың тақырыбы: Ойын арқылы қиындықты шешу жолдарын оқыту. Мұғалім қауіпсіздік ережесін түсіндірді. Қыз балалар-кең классикалық шалбарда, аяқтарында етік болды және дене шынықтыру формалары болған жоқ.

13.02.2024 ж 4 «А» сыныбының дене шынықтыру (пән мұғалімі-Е.Е.Қылышбаев) сабағына 17 оқушы қатысты. Сабақтың тақырыбы: «Тоғызқұмалақ» ойыны. Сабақ барысында жұптық, топтық ойындар болды. Тоғызқұмалақ ойынының барысы түсіндірілді. **Ұсыныс:** видео немесе ереже нұсқаулық картасы болған дұрыс.

22.02.204ж 6 «А» сыныбының дене шынықтыру (пән мұғалімі-Е.Е.Қылышбаев) сабағына барлық оқушы қатысты. Сынып оқушылары барлығы спорттық формада болды. Сабақ сап түзеу, амандасу, түгендеу, сап бойынша рет-ретімен саналудан басталды. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып оқушыларға дене жаттығуларын жасатты.

Каукеев Е.А. «Қозғалмалы ойындар арқылы қимыл -тірек аппаратын дамыту» бөлімі бойынша «Секіртпемен орындалатын ойындар мен жаттығулар. Қарама -қарсы тұрып секіру» тақырыбында 1 «ә» -сыныбында сабақ өтті. Мұғалім ойын барысындағы қауіпсіздік техникасына назар аударып, спорт залда жүріп-тұру ережелері жайында түсіндірме жүргізілді. Команда бойынша бірі -біріне қарама- қарсы орналасты. Жалаушыларды көп жинаған команда жеңімпаз атанды. Барлық оқушы формада қатысты.

2 «а»- сыныбында «Қозғалыс ойындардың әралуандығы» бөлімінің «Шабуыл әрекеті арқылы ойындар» тақырыбында сабақ жүргізілді. Қауіпсіздік техникасы жайында түсіндіріліп, сабақ мақсатымен таныстырылды. Бұл сыныпта 3 оқушыда спорттық форма болмады.

8 а – сыныбында «Командалық ойын- белсенді қозғалыстың іс- әрекеті» бөлімінің «Спорттық ойын» тақырыбында Шамбеков Қ.С. сабақ өткізді. Мұғалім сабақ мақсатын тоқталып, , қауіпсіздік техникасын түсіндірді. Оқушылар екі топқа бөлініп, екі бағанға тұрды. Сағат тілімен ойыншылар бағанның басына допты жеткізеді. Бұл ойында жылдамдық қажет етілді. Оқушыларда форма сақталған.

Ұсынымдар:

- Дене шынықтыру мұғалімдеріне балаларда сабақтарда қауіпсіздік техникасы ережелерін саналы түрде орындауды қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Оқушыларда спорттық киім мен аяқ киімнің болуына қол жеткізу.
- Спорт алаңы мен спорт залын сабақтарға дайындау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.
- Ойындар өткізу кезінде қорғаныс қалқандарын, шынтакжастық, қақпашы қолғаптарын т. б. қолдану.
- Сабақ кезінде балада ауыру, терісінің қызаруы, өзін-өзі нашар сезіну пайда болған кезде сабақты тоқтатып, тиісті шаралар қабылдау керек.
- Оқушы жаракат алған кезде дереу алғашқы көмек көрсету және мектептің медицина қызметкерін шақыру, болған жағдайды әкімшілікке, сынып жетекшісіне және баланың ата-анасына хабарлау, қажет болса оқушыны жақын маңдағы емдеу мекемесіне апару.

Директордың оқу-тәрбие орынбасары:  А.Тоташева

Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ

Бастауыш сынып бойынша дәптер тексеру анықтамасы 2023-2024 оқу жылы

Мұғалімнің аты-жөні, пәні	Сынып	Дәптер тазалығы	Баға-ескертулердің дұрыс қойылуы	Дәптер дұрыс жазылуы
1. Байтуғанова М.М	3а	БЖБ, ТЖБ, жазба жұмыс дәптерлері орфографиялық режимге сәйкес толтырылған. Кей оқушылардың жазуы түсініксіз, жазу элементтері дұрыс емес, тазалық жағынан кемшіліктер бар. Дәптер сырттары толық тысталмаған.	Бағалар талаптарға сай қойылады.	Үнемі тексеріп отыратындығы көрінеді.
2. Айтмагамбетова F.M	4а	БЖБ, ТЖБ, жазба жұмыс дәптерлер орфографиялық режимге сай толтырылған. Кейбір оқушыларының жазуы түсініксіз, шимайлап жазатын және жазу элементтері дұрыс емес.	Жұмыс дәптерлер, БЖБ, ТЖБ бағалар қойылған.	Дәптерлер күнара тексеріледі.
3. Омарова О.Т.	3а, 7-11	Балалардың көбі дәптерлерінде таза, көркем жазды, бірақ кей оқушылардың жазуы түсініксіз, таза жазылмаған.	Дәптерлер жиі тексеріліп отырады. БЖБ, ТЖБ бағалары уақыттылы қойылады	Дәптерлері жиі тексеріледі.
4 Ермұрат Е	3,4	БЖБ, ТЖБ, жазба жұмыс дәптерлер орфографиялық режимге сай толтырылған. Кейбір оқушыларының жазуы түсініксіз, шимайлап жазатын	Сынып жұмысы және үй жұмыстары тексерілген, бағалаған, оқушы қатесі көрсетілген. Жұмыстарының көлемі	Мұғалім тарапынан оқушылардың дәптер жүргізу мәдениетінде ағылшына сауатты жазуды үнемі қадағалануда

			және жазу элементтері дұрыс емес.	нормаға сәйкес. Ағылшын тілінде жаттығулар орындау барысында орфографиялық талапқа сай орындау үшін елеулі жұмыстар жүргізілуде.	
5	Ахметова Г.Ж	2,3,4	Орыс тілі пәнін тексеруге оқушының дәптері берілді. Тексеру кезінде мұғалімнің дәптерлерді уақытылы тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді. БЖБ, ТЖБ тексерілген		Оқушылардың дәптерлері жиі тексерілген. Дәптер тексеру барысында анықталған қателер мен ескертулер жазылып оқушылармен жеке қадағалау жұмыстары жүргізілген.

Ескертулер: Дәптер тексеруде әр оқушының жіберген қателерін түзетуі, ескертулер мен мадақтаулар жазылып талапқа сай толтырылуын қадағалап жүйелі түрде жүргізілсін.

Тексерілген күні:

Анықтаманы жасаған ДОІЖО:  С.Досмагамбетова